

3

Сәулелі жүрек



4

Қабырғадағы сұлулық



Сыр бойы

1 қазан, сейсенбі 2024 жыл

№151 (20825)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



«ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК»

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Еуразия кеңістігіндегі орнықты даму және қауіпсіздік» конференциясына қатысты.

Президент өз сөзінде бұрын-соңды болмаған геосаяси тұрақсыздық жағдайында дипломатия шешуші рөлге ие болғанын атап өтті.

– Геосаясат пен геэкономикадағы түбегейлі өзгерістер, жаһандық деңгейдегі климаттық және демография-

лық сын-қатерлер, пандемияның жаңа қаупі, қарулану бәсекесінің өрши түсуі, технологиялық прогресс, соның ішінде жасанды интеллектті енгізу жағдайында стратегиялық тұрақтылық пен орнықты даму мәселелері барша-мыз үшін өзекті бола түсті.

2-бет

ЭКОТАКСИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕ БАСТАДЫ

Қала күні қарсаңында Қызылордада қалаішілік көлік қатынасын одан әрі жетілдіру үшін «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-на 52 жаңа электромобиль, яғни экотакси көлігі және денсаулық сақтау мекемелеріне 74 санитарлық автокөлік табысталды.



2-бет

/// ЖӘРМӨҢКЕ

СЫРДЫҢ СЫЙЫ АСТАНА СӨРЕСІНДЕ

Астана қаласында Қызылорда облысы тауарөндірушілерінің ауыл шаруашылығы жәрмөңкесі өтті. Екі күндік жәрмөңкеде елорда тұрғындарына Сыр өңірінің брендіне айналған ақ күріш, балық пен ас тұзы, қауын-қарбыз, ұлттық сусындар сауда сәресіне қойылды.

80-ге жуық Сыр дикандары мен тауарөндірушілері құны 270 млн теңге болатын 600 тоннадан астам өнім ұсынды.

Атап айтқанда, 300 тоннадан астам күріш, 6 тонна ет өнімдері, 30 тоннадай балық өнімдері, 80 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 180 тонна бакша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері бар. Келушілерге ерекше көңіл-күй сыйлау үшін Сыр елі өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама қойылды.

Аймақтың аграрлық саласында бәсекеге қабілетті өнім өндіру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жолға қойылған. Мемлекеттік қолдаудың арқасында аймақтың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді.

Осы жылдың 8 айында ауыл шаруашылығында 58,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 2,1%-ға артты.

2-бет

/// АУЫЛ АЖАРЫ

«БЕСАРЫҚ» – БЕРЕКЕЛІ БАСТАМАЛАР МЕКЕНІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданындағы «Бесарық» ауылына жұмыс сапарымен барып, жаңа өндіріс және сауда нысандарының ашылу салтанатына қатысты.

«Бесарықта» «Абай-Дәулет» серіктестігінің бастамасымен фри зауыты, «Ауыл аманаты» жобасымен наубайхана, кондитерлік және жартылай дайын өнім цехтары, жұмыс қолғабы, шұлық, пластик ыдыстар, сабын, ағаш бұйымдары өндірістері өз жұмысын бастады. «Қызылорда» супермаркеті мен дәмхана да тұрғындарға жоғары сапалы қызмет көрсетуге дайын.

Аймақ басшысы жиналған қауымды, ауыл тұрғындарын құт-

тықтап, «Абай-Дәулет» серіктестігінің директоры Мұрат Абайұлына «Бесарықтағы» берекелі бастамалары үшін алғыс білдірді.

– Халқымызда «Ауылды көріп, азаматын танып» деген қанатты сөз бар. Туған жерді дамытуға, оны көркейтуге салынған инвестиция еселеп қайтады. «Абай-Дәулет» серіктестігінің директоры Мұрат Абайұлына осы іске қосқан зор үлесі үшін ризашылығымызды білдіреміз. Өндіріс орындары

өркендей берсін, кәсіптеріңізге береке, табыс тілейміз.

Жерді өз игілігіне пайдаланған басқа шаруашылықтар да осы тәжірибені енгізіп, елді мекендерді қолдауға, халықтың әл-ауқатын арттыруға атсалысуы қажет. Бүгін аймағымыздың агробизнес өкілдерімен бірге «Бесарық» ауылындағы жұмыстарды көріп, тәжірибесін кеңінен тарату үшін арнайы жиналды. Шағын өндірістік алаңдар құрып, осындай бизнес-инкубаторларды облысымыздың барлық ауылында салуға мүмкіндігіміз бар.

2-бет

/// БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

ИГІ ІСТІҢ БАСЫНА, ЖАҚСЫ КЕЛЕР ҚАСЫНА



«Қарты бар ауылдың қазынасы бар» дейді халқымыз. Қарттардың ақыл-кеңесі әр заманда да қажет. Олар әрқашан тілекші. Сондықтан, елімізде 1 қазан – Халықаралық қарттар күнін атап өту, үлкендерімізге құрмет көрсету жоғары деңгейде өткізіліп келеді.

Кеше еліне сүйеу болған жандардың бүгін бүгілген беліне сүйеу болу дәстүрі биыл Сыр елінде де ерекше басталды.

Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың тікелей қолдауымен аймағымыздың әр өңірінен келген 120 ардагер дүйсенбі күні Қызылорда қаласының көрікті жерлерін аралап, жанадан бой көтерген және жаңғыртылған нысандармен танысты. Бұл үшін арнайы автобус-

тар және қауіпсіздік қызметтері ұйымдастырылды.

Алдымен, қарттар мен қонақтар қала орталығындағы 1000 орынды «Өнер орталығына» ат басын тіреді. Аймақ басшысының бастамасымен өмірге келген бұл орталықта мәдениет пен өнерге қызмет ететін барлық жағдай жасалған. Симфониялық, эстрадалық, ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, ауқымды шаралар өткізіледі.

2-бет

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҒАСЫР-ҒҰМЫР

Қазақстанда 100 жасаған және одан да жоғары жастағы 423 азамат бар. Ұлытау облысында тұратын ең үлкен ақ жаулықты қария биыл 114 жасқа толған туған күнін атап өтіпті. Бұл туралы Stan.kz хабарлады.

Жасы үлкен қариялар еліміздің онтүстік өңірінде көбірек. Мәселен, Түркістан облысында 100 және одан асқан 64 адам бар. Ұзақ өмір сүрушілер саны бойынша екінші орында – Алматы. Қазір Алматы қаласында 100 жастан асқан 48 адам тұрады. Ал үшінші орында Алматы облысы. Онда 100 және одан жоғары жастағы 38 адам бар.

Ең қарт қазақстандықтардың үштігіне Ұлытау облысының тұрғыны – 114 жас, Павлодар облысы – 112 жас, Түркістан облысы – 110 жас кірді.

Еске сала кетейік, жыл сайын 1 қазанда Халықаралық қарттар күні атап өтіледі. Бұл мерекені 1990 жылы 14 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 45-сессияда жариялаған.

БІР КҮН ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТЕГІН

Астана тұрғындары 6 қазанда, яғни референдум күні қоғамдық көліктерде тегін жүре алады, деп хабарлайды 24.kz.

Бұл күні қала маңындағы бағыттарға жүретін автобустар да жолақы алмайды. Қоғамдық көліктер таңғы сағат 6.00-ден түнгі сағат 23.00-ге дейін жүреді. Ал 7 қазанда автобустар штаттық режимде жұмысын жалғастырады.

ТӘРТІП БҮЗСАҢЫЗ, ПОЙЫЗДАН ТҮСЕСІЗ

BAQ.KZ жыл басынан бері Ұлттық тасымалдаушының пойыздарынан 100-ден астам құқық бұзушы жолаушы түсірілгенін жеткізді.

Дерекке қарағанда, биыл осы уақытқа дейін «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметкерлері көліктік полициямен бірлесіп, пойыздардағы қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін 117 жолаушыны түсірген. Бір тәуір, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22%-ға төмен.

Теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүкбағаджы және пошта жөнелтілмдерін тасымалдау ережелеріне сәйкес, жолаушыны мынадай жағдайларда пойыздан түсіреді: егер жолаушы алкоголь немесе есірткі әсерінен мас күйде болып басқа жолаушыларға қолайсыздық келтірсе, жолаушы вагонның ішінде темекі шексе немесе жеке басын қуаландыратын құжаттарды көрсетуден бас тартып, пойыз билеті болмаған жағдайда, сонымен қатар жолаушы басқа жолаушыларға не пойыз қызметкерлеріне қатысты агрессивті әрекет жасаса және өзмен бірге айналасындағыларға қауіп төндіретін тыйым салынған заттар немесе жүктер алып жүрсе.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржол көлігіндегі қауіпсіздікті арттыру мақсатында заманауи технологияларды белсенді енгізуде. Ұлттық тасымалдаушының 478 вагонды 3 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған. Бейнебақылау жүйесі вагон-мейрамханаларда, вагон-барларда, теміржол станциялары мен вокзалдарда жұмыс істейді. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығының соңына дейін жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қосымша 1 552 вагонға камера орнатылмақ.

Валюта бағамы

\$ 479,23 kzt

€ 534,96 kzt

₴ 5,16 kzt

Ауа райы

☀️ +25° +27°

☀️ +23° +25°

«ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК»

Бұдан шығатын қорытынды анық: халықаралық қоғамдастық сындарлы диалогқа тың серпін беруі үшін күн тәртібіне оң өзгеріс жасауы қажет. Сондықтан біртұтас еуразиялық қауіпсіздік идеясы көпшілікке, әділетті және орнықты әлемдік тәртіпті қалыптастыруға тұжырымдамалық негіз бола алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы конференция қатысушыларына қоғамдық өмірдің барлық саласында жүзеге асырылып жатқан Қазақстандағы ауқымды өзгерістер жөнінде мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, саяси реформалардың ең басты жаңалығы – Конституцияда Президент мандатын 7 жылдық бір мерзіммен шектеу туралы ереженің бекітілуі.

– Мұндай норма посткеңестік елдердің, тіпті одан тысқары мемлекеттердің ешқайсысында жоқ. Менің ойымша, Президентті бір рет жеті жылға сайлау – оның сайлауалды бағдарламасы мен реформаларын жүзеге асыруға жеткілікті уақыт. Оған қоса Президент – халық жалдаған мемлекеттік қызметкер. Елімізде Заң мен Тәртіп үстемдік құруға тиіс екеніне сенімдімін. Тек сонда ғана реформаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан экономикасына инвестиция тартуға қажетті жағдай жасай аламыз. Заң мен Тәртіп – Әділетті Қазақстанның негізі. Әділдікке қашан да, қай жерде де мұқтажық бар. Біздің елде де солай. Қолға алған реформаларды іске асыру қаншалықты қиын болса да, діндеген мақсатымызға жетпей қоймаймыз. Оны ешкім тоқтатпай

тұрмақ, бағытынан жаңылдыра алмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достық байланыстарды нығайтуда білім саласының маңызы зор екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, қазір Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент оқиды.

– Бүгінде елімізде Ресейдің таңымал жоғары оқу орындарының филиалдары табысты жұмыс істеп келеді. Қазақстанда Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалын ашу жоспарланып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Пленарлық отырыста Ресей Президентінің көмекшісі Владимир Мединский конференция қатысушыларына Владимир Путиннің сәлемін жеткізді.

Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының ректоры Анатолий Торкунов оқу орнының 80 жылдығына орай осынау іс-шараны ұйымдастырғаны үшін Қазақстан тарапына алғыс айтты.

– Біз конференция тақырыбын кездейсоқ таңдаған жоқпыз. Мұның аясында экономика және қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастықтың дәстүрлі мәселелері климаттық күн тәртібіндегі жаңа сын-қатерлермен, сондай-ақ Еуразия кеңістігінде энергетика және көлік инфрақұрылымын дамытудың жай-жапсарымен бірге қаралды, – деді Анатолий Торкунов.

Жинға Қазақстан мен Ресейдің көрнекті ғалымдары, дипломатиялық қызмет ардагерлері, мемлекеттік органдар мен мекемелердің басшылары, саясаттанушылар және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

1-бет

ЭКОТАКСИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕ БАСТАДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ тұрғындарын заманауи техникалардың іске қосылуымен құттықтады.

– Соңғы екі жылда біз барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық бердік. Ең алдымен облыс орталығындағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін 300 жаңа автобус алынды. Олар бүгінгі күні халыққа қызмет етуде.

Биыл облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес өңірдің денсаулық сақтау ұйымдарының барлығына 200 санитарлық автокөлік алынды. Оның 126-сы қолданыста, қалған 74-ін бүгін табыстаймыз. Осылайша өңір тұрғындарының медициналық қызметке қолжетімділігі арта түседі, яғни аймақтағы елді мекендер түгелдей санитарлық автокөлікпен қамтылады.

Қаладағы қоғамдық көлік мәселесі шешілген соң, тұрғындарға бағасы мен қызметі қолайлы болатын такси қызметін де жолға қоюды ойластырдық. Биыл 1 млрд 100 млн теңгеге 100 электромобиль алынды. Алғашқы 52-сі экотакси қызметін атқарады. Бұл бастама халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, такси қызметіне тиімді баға қалыптастыруға зор септігін тигізеді, – деді облыс әкімі.

Іс-шарада Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Тұрғанбай Махан-

ов жерлерінің құттықтап, ізгі тілек білдірді.

Жаңа автокөліктер әуежайы, теміржол вокзалы, жаңа автовокзал аумағында жолаушыларға қызмет көрсететін болады.

Өткен аптада жылу-электр орталығына 9 жаңа заманауи арнайы техника кілті табысталды. «Қызылорда су жүйесі», «Жасыл Қызылорда», «Қызылорда тазалығы» мекемелеріне 52 автокөлік берілді. Мұнан бөлек, «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына қажетті, заманауи үлгідегі 48 арнайы техника сыйға тартылды. Барлық автокөлік халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес жаңа-жаңы тексеруден өткізілген, арнайы сұраныспен жергілікті жердің климаттық жағдайына бейімделіп дайындалған.

Айта кетейік, соңғы жылдары өңірде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілді. Мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 арнайы техника, ветеринария саласына 59, құдық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік алынды.

Коммуналдық салаға да жаңа-жаңы қолдау көрсетілуде. «Қызылорда тазалығы», КРЭК, «Қызылорда су жүйесі» мекемелеріне бұған дейін де 42 арнайы техника табысталып, қазір тұрғындар игілігіне қызмет етуде.

1-бет

«БЕСАРЫҚ» – БЕРЕКЕЛІ БАСТАМАЛАР МЕКЕНІ



Мемлекет қолдауын барынша пайдаланып, аудан басшылары кешенді жұмыс жүргізуі қажет. Табан тірейтін туған жерімізге қолдау жасауға,

ауылдарымызды одан әрі дамыту үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырамын, – деді облыс әкімі. Іс-шарада Қызылорда облысының Құрметті

1-бет

ИГІ ІСТІҢ БАСЫНА, ЖАҚСЫ КЕЛЕР ҚАСЫНА

Еліміздің барша аналарына перзент сыйы саналатын «Анаға тағзым» орталығының да келушілеріне көрсете алатын жақсы бастамалары бар. Бұл орталықтың құрылысына аймағымыздың «Атымтай жомарты» атанған кәсіпкер Марат Дүйсенбаев 1,7 млрд қаражат жұмсаған. Орталықта «Мирас» әжелер клубы, «Сығалым» сырласу отауы, «Үлт жақұты» музейі, «Бойтұмар» қыздар клубы, «Жас отау» жас отбасылар мектебі, т.б. жұмыс істейді. Қолынан іс келетін, жанаша ұлттық брендтер ойлап тауып, экспорттың дамуына үлес қосатын жерлестеріміз үшін бұл ең қолайлы орталық.

Орталықтың осындай мүмкіндіктерін көзімен көрген ардагерлер жақсы бастамаларға баталарын беріп, ақ тілектерін айтты.

Мұнан әрі ардагерлер керуені қаламыздың бағыс ауданында бой көтеріп жатқан жылу-электр орталығы құрылысының басына барды.

Бүгінге дейін Қызылорданы жылумен және электр энергиясымен мүмкіндігінше қамтып келген бұрынғы жылу-электр орталығы 1964 жылы салынған. Ал қуаттылығы 240 мегаватт болатын жаңа орталық аймағымызды электр қуатымен толық қамтып, артығын өзге аймақтарға сата алатын мүмкіндік иеленеді. Сонымен бірге электр энергиясы жүктемесін тұрақтандырып, еліміздегі энергиялық қауіпсіздікті нығайтуға оң әсерін тигізеді. Түркияның «Акса-Энерджи» компаниясы салып жатқан орталық алдағы жылы пайдалануға беріліп, онда 800 адам жұмыс істейтін болады.

Келесі кезекте ардагерлер жаңа автовокзалда аялдап, қаланың сол жағалауынан салынып жатқан жаңа стадионның, «Қан орталығының», физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың, 300 орынды көпбейінді аурухананың құрылыстарын көрді. Мұнан кейін ардагерлер легі белгілі кәсіпкер Асқар Әубәкіровтің демалушылығымен қайта жаңғыртудан

1-бет




өткен Орталық алаңның көрікті келбетін тамашалады.

Бұл жайында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпаңұлы былай деді: «Бүгін облысымыз макро-экономикалық көрсеткіштер бойынша еліміздің алдыңғы қатарында тұр. Бұл тұрғыда облыс басшысының атқарып жатқан істері көз құнарталық. Соның біршамасын көрдік. Мәселен, «Өнер орталығын» мен ең сәтті жоба дер едім. Сәнді де мәнді орталықтың руханиятымызды көтеруге сіңіретін еңбегі мол болмақ. Ал «Жан-Арайдың» азық-түлік қорын жасау жөніндегі жұмыстары өте жақсы. Бұрынғы кезде 2 мың тонналық астық сақтау қоймаларын біз керемет санайтынбыз, бұл кешенде 10 мың тонналық астық сақтау қоймалары бар. Енді мына жаңа жылу-электр орталығы іске қосылғанда қызылордалықтардың қандай игілікке ие болатынын біліп отырмаз. Ел Президентінің тікелей қолдауымен жасалып жатқан бұл жылу-электр орталығының қызметін

біздің ұрпақтарымызға дейін көреді. Мен өзім футбол жанкүйерімін. Қызылордадағы қазіргі стадионның салынғанына алпыс жыл болды, жоғары талаптарға жауап бере алмайтын күйге түсті. Осы тұста облыс басшысының оң мың орындық жаңа стадион құрылысын бастауға ықпал етуі барша жұртшылықты қуантты.

Осындай игі бастамалар үшін аймақ басшысына барша ардагерлердің алғысы зор.

Ардагердің ақсолтай тілегін Жалағаш аудандық автотранспорт саласының ардагері Асылбек Тәуіпбаев былай жалғайды: «Біз бүгін тамаша істерге куә болдық. Қызылордада құрылыс та, тұрмыс



1-бет

СЫРДЫҢ СЫЙЫ АСТАНА СӨРЕСІНДЕ

Жалпы биыл облыста 190 мың гектарға жуық жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды, негізгі дақыл – күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құрады.

Егістің ортаарапандыру бағытында 2,6 мың гектарға, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 4,4 мың гектарға дақылдар егілді.

Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында диқандарға су қажетті деңгейде жеткізілді. Шаруашылықтар күтіп-баптау жұмыстарын агротехникалық талаптарға сай жүргізді. Шаруашылықтар егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникаларымен, жанар-жағармай, минералды тынайқыштармен толық қамтамасыз етілген.

Қазір облыста егін жинау жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Бүгінде егілген 85,6 мың гектар

1-бет

азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Ибрагим Әбибуллаев жерлестерін құттықтады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» бағдарламасын Сыр өңірінде жүзеге асыруға атсалысқан «Абай-Дәулет» серіктестігінің қызметкерлері, «Бесарық» ауылының тұрғындары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Іс-шара соңында қатысушылар жаңартылған «Адал адам» мәдени орталығының жұмысымен танысып, көрермен залында концерт тамашалады.

Айта кетейік, «Абай-Дәулет» серіктестігі «Бесарық» ауылын көркейту, көгалдандыру, күрделі жөндеу жұмыстарына соңғы жылдары 730 млн теңгеден астам қаржы бөлді. Шаруашылық есебінен ауыл әкімдігі, мектеп, балабақша, мешіт ғимараттары күрделі жөндеуден өткізілді. Биыл 642 млн теңгеге мәдениет үйіне күрделі жөндеу, орталық алаңға қайта жаңғырту жүргізіліп, жаңа өндіріс орталығы бой көтерді.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында да тұрғындарға қолдау көрсетілуде. Ауылдарда кепілдік мүлікке қатысты қиындықтар кезітетіні белгілі. Өткен жылы шаруашылықтың кепілдігімен «Сыр құсы» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, 27,6 млн теңге несиеге қол жеткізді.

Биыл ауылда 1 мың шаршы метрлік шағын өндіріс орталығы салынып, 13 кәсіпкер өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 4 жоба, Өңірлік инвестициялық орталық арқылы 5 жоба және шаруашылықтың өз қаражаты есебінен 4 жоба бар, 25 жаңа жұмыс орны ашылды. Осы жобаларға 960 млн теңге инвестиция тартылды.

та, тұрғын да кең қанат жайып жатыр. Айнадай көшелер, гүл көмкерген алаң, әсем ғимараттар көз тартады. Ал халықтың қажетін өтейтін орталықтарды көргенде тіпті әлемі әсерге бөленді. Осының бәрін ойына тауып, орындайтын жұмыс атқарып келе жатқан облыс басшысына алғыс тағам айтқандарымыз жоқ.

Иә, ардагерлер Сырдың бас қаласындағы ел мерейін өсіріп отырған бастамалар мен игіліктерге дән риза. Олар – өз заманында елдің өсуі мен дамуы жолында күш-қайратын аямай жұмсаған еңбек майдандары. Бүгінгі күні халық үшін жасалған сол еңбектің ерен жалғасын көріп марқайғандарын жасыра алмайды. «Батамен ел көгерер» деген. Қарттардың тілегі – біздің аман-сау алдағы күндерге жасайтын қаламдарымызға рухани тірек.

Ардагерлер түскі астан соң облыс әкімі Н.Нәлібаев қатысқан «Тағзым алаңында» өткен 52 экотакси мен 74 санитарлық автокөлік кілтін табыстау рәсіміне барды.

Аймақ басшысы алдымен облыс орталығына келген ардагерлер мен қала тұрғындарын Халықаралық қарттар күні мерекесімен құттықтады. Сонан соң қалалық автобус паркі жүргізушілері мен бірнеше ауданның денсаулық сақтау ұйымдарына жаңа арнайы көлік кілттерін тапсырды.

Мұнан кейін ардагерлер күрделі жөндеу және қайта жаңғыртудан өткен теміржол вокзалы, орталық көшелерімен, «Отбасы орталығымен», «Бесарық» ауылының даму барысымен, «Қорқыт ата» әуежайы жаңа терминалының жұмысымен танысып, «Сыр ана» монументі жанында шараның бірінші күнін қорытындылады.

Ардагерлерге арналған шара бүгін одан әрі жалғасалды.

Дүйсенбек АШУ.Ы,
«Сыр бойы»
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



күріштің 50 мың гектардан астамы орылып, 42,7 мың гектары бастырылды. Әр гектардан орта есеппен 52,1 центнерден өнім алынды.

Мал шаруашылығын дамыту бойынша жүйелі жұмыс жалғасып, нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда ірі қара мал басы 36,6%, қой мен ешкі 22,3%, жылқы 0,1%, түйе 4,3%, құс 7,7%-ға көбейді.

Сондай-ақ өңірдің экспорттық әлеуеті де артып келеді. Бүгінде Сыр елінің ауыл шаруашылығы өнімдері әлемнің 16 мемлекетіне экспортталуда.

Экспортталған өнімнің басым бөлігі – күріш. Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Тәжікстан, Украина, Моңғолия, Өзбекстан және Ирак мемлекеттеріне Сырдың басты дақылы жөнелтілуде.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

Жақында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен аймақтың 140 ардагері еліміздің төрт шипажайына барып, демалып, ем алып қайтты.

ҚҰРМЕТ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Сауықтыру және денсаулықты қалпына келтіру медицинадағы ең маңызды бағыттарының бірі саналады. Сырқатты емдегеннен гөрі алдын алған жеңіл. Осындай жүйелі істерге дәнекер болғаны, қарттарға ұдайы көңіл бөліп отырғаны үшін шипажайда демалған ардагерлер аймақ басшысына шын көңілден ризашылық білдірді. Сондай-ақ бұл жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыра білген облыстық ардагерлер кеңесі мен қызметкерлеріне де алғыстарын жеткізді.

Мәңкент шипажайында Қызылорда қаласының 20 ардагері ем алды. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шахизат Төребаевтың айтуынша, емдеудің минералдық және басқа да алуан түрлері ұсынылыпты. Шипажайда жоғары дәрежелі мамандар, яғни өз кәсібіннің нағыз шеберлері еңбек етеді. Ас мәзірінің ұсынылуы да жанаша, яғни бір күн бұрын қандай асты қалайсыз, тапсырыс беруге мүмкіндігіңіз бар. Табиғаты тамаша жерде орналасқандықтан тек қазақстандықтар ғана емес, алыс-жақын шет мемлекеттердің де азаматтары ем алып жүр.

Ардагерлерге кешкілік концерттер ұйымдастырылып тұрды. Бір мезгілде 780 кісі аудақтанған қос залдағы емделушілерге батагөй ақсақал Келдібай Бектұрғанов ақ батасын берді.

«Меркі» шипажайында Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандарынан 38 еңбек ардагері демалып, тынықты. Маған аяқ-қолға берілетін арнаулы ванналар, су бүріккіштің бірнеше түрі, сумен жасалатын массаж ерекше әсер етті – дейді жаңақорғандық денсаулық сақтау саласының ардагері, бастаушы ардагерлер ұйымының төрайымы Фатима Момбекова.

Шиелі ауданынан барған ардагер-кітапханашы, облыстық «Ардагерлер әуені» байқауының жүлдегері Рахия Қожаметова мен Сырдария ауданының тұрғыны, тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының ардагері Зейнегүл Таңатқызының емдеу шараларына риза екені байқалады.

Ардагерлер шырқаған әндерге басқа демалушылар риза болды. Әсіресе, Шиелі ауданының Құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, энциклопедист-композитор Өркен Ысмайыловтың өнеріне ризашылықпен қол соқты.

Облыс орталығынан 200 шақырым жердегі «Жаңақорған» шипажайы дүниежүзіне мәлім десек артық болмас. Оның балшығының қасиеті ертеден мәлім болыпты. 1905 жылдары Ресей патшалығы «Орынбор-Ташкент» теміржолын салу кезінде орыс инженерлері науқастарға жұмысшыларға балшықты ем пайдаланған екен.

Шипажайда Арал ауданынан 14, Қазалы ауданынан 14, Қармақшы ауданы мен Байқоңыр қаласынан 14, Жалағаш ауданынан 10, барлығы 52 ардагер демалды.

Кей өңір көмірімен, кейбірі мұнаймен, тағы бірі алтымен мектаналды. Ал сарыағаштықтар шипалы суын жер-көкке сыйғызбайды. Сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан бұл емдік судың қасиеті оның жұмсақтығында. Сарыағаш шипалы суының емдік қасиеті қазіргі күні халықтың қуанышына себепкер болып жүр.

Осындай қасиеті бар шипажайға 32 қызылордалық ардагер демалып қайтты. «Ақжарма» ауылдық округінен келген, кезінде машина сынау стансасында жұмыс атқарған Рысбек Өтеген «ен пайдалы демалыс әрі емдеу орны екен» дейді.

Қорыта келгенде, Сыр ардагерлері сапарға разы. Қаржылай көмек көрсетіп қолдаған азаматтарға ақ пейілмен алғыс айтады.

Бейбітбек БҰРКІТБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

Алланың сүйікті құлы әрі елшісі Мұхаммед (Алланың игілігі мен сәлемі болғай) «Ата-анасына дұға етпегеннің ризық-несібесі кесіледі» деген хадис кейінгілерге өсиет болып жетіпті. Маңдайым сәждеге тіліп, намазға жығылғалы күн сайын өздеріңе дұға ету әдетіме

старды жана қырынан тани бастағандай болдым. Әркім өткен өмірін сараптай бастағанда әкемінің де бір ғасыр бұрын дүние дидарын көргені жағдайы сыныптасымның әңгімесі менің ойымның жүгін ауырлата түскендей болды. – 1969 жылы Сарысу өзені бойында

СӘУЛЕЛІ ЖҮРЕК

Мен үшін ең аяулы жан – әкешім. Байлағы жұртқа сұстылау көрінгенімен бізге мейірім-шапағаты төгілген, айтылмаған талай сыр жасырылған ойлы жанарыңнан көз жазып қалғанымызға да ширек ғасыр өтті. Жас кезде ата-анамыздың жанымызда жүретіндей жөнді сырласа да алмағаным жанымды жегідей жейді. Ата-анамен өткізген алаңсыз, қамсыз күндер алыстаған сайын сағыныштың сартабы қалыңдай түседі екен.

айналған. Өкетай, мына жарық дүниенің дидарын ашқаныңа биыл бір ғасыр толады екен. Өзінің ізбасарын, тірлігінде сүйеніш болған үлкен ұлын Сейділде бақина аттанып, анам мен екеуіңнің әлеміне кеткелі мені мазалайтын алыс-жақындағы ағайынды жиып, Алланың тоқсан тоғыз көркем есімінің бірі – Халықпен бірге дұға етіп, Құран бағыштап, ағайынның батасын алсам деген ой толғандырып жүр еді. Бірақ ас беріп, дұға еткенімен менің әкем жер бетіндегі жетпіс бес жылын қалай өткізді, артында қандай із қалды деген ойға шомып талай күнді ұйқысыз өткізетін болдым. Жастықта жатып қартайған ешкім жоқ. Ал өзіңіздің замандастарыңыз сияқты өмірдің берекесін кетірген уақытты бір адамдай көрген қиын күндер іш. Бай мен кедейді теңестірем деп бар малы төркіге ұшыраған байдың ұрпағы «Арақ жылы болса, арқар ауып несі бар» дегендей атамекеннен ауып Сыр бойынан пана тапқан, ел шегіне жау тигенде ортақ отанын қорғауға аттанып, жаралы болып елге оралған соң елдің есесін тіктеу үшін еткен есіл еңбек ескерусіз қала бере ме? Ең болмаса өзіңнің артыңда қалған ұрпақтарыңа үлгі боларлық өмір жолың жайлы ой толғамаққа қолға қалам алдым.

Жоқ қараған жан тағы бір жолына жолығады екен. Жылдың соңына қарай ас берсем деп жүргенімде, осыдан жарты ғасыр бұрын мектеп бітірген сыныптастарым елу жылдық мерекені өткізуге елге шақырту жіберіпті. Мамыр айының ортасына межеленген кездесуімізге екі-үш апта бұрын алып ұшып менде жеттім. Алғашында балалықтың бал күндеріне енгендей күй кешкен біздер емен-жарқын әзіл, естеліктер айтып, тойды қалай өткізсек деп күн аралатпай кездесіп тұрдық. Небір естеліктер айтылды, жылдар бойы бүгін жатқан сыр сандықтар ашылды. Уақыт дегенін алды екен. Бірге оқыған достарымыздың ішінде ұжым, ел басқарған азаматтар салмақты, салмақты ой айтып, есейген қазыналы қарттыққа бет түзеген до-

улан-асыр той болып, Қызылордадан, Жезқазған өңірінен қонақтар келіп, бөйге болып еді. Біздің үйге Қызылордадан келген мәртебелі меймандар түсіп, екі күн бойы күттік. Қалада тұратын соғыс ардагері Өнуарбек әкеміздің жанындағы Басалқаұлы Сейтен басқалардан өзгешелеу көрінді. Бір аяғын сылттып бастатын қонағымыздың ерекшелігі астында сол заманда аудан, облыс басшылары мінетін «Газ 69» жеңіл автокөлігі еді. Қолына су құйып зыр жүгіріп жүрміз. Өзенге суға түсеуе барса да, түнемелік қоян аулауға шыққанда ауыл баласына арман болған әлді қолікке біз де міну бақытына ие болдық. Өзеннің ақ шағыл құмына, суына түссе де «Шіркін-ай, атамекен өскен жерім-ай, сені де көретін күн бар екен» деп ерекше толқып еді. Қанша жылдан кейін екен туралы жақсы естелік айтқан сыныптасымның бұл сөздері мені марқайтып тастады.

Қызылорданың іргесіндегі «Ақсуат» ауылында тұратын аталас ағайымыз, осы өлкенің шежіре қарты Қадыр Әмзәулінің «Ауылым сұлу Сырдың жағасында» кітабынан менің әкемінің суреті мен қысқаша өмірбаянын көрсеткен кезде көңілім алай-дүлей алабыртып, ерекше толғаным болды. Әкем туралы жұрт жазып, оқып, кейінгіге насихаттап жатқанда мен неге өз білгенімді жазып қалдырмақпа деген ой жетелеген еді. Бұл көркем шығарма емес Қадыр сияқты қазыналы қарттар жазған шежіре мен көнекөздерден естіген ескіден келе жатқан әңгіме, бауырларым мен өзімнің ата-анамнан естіген естеліктердің қысқаша баяны. Әр адам өз өмірінің жазушысы деген тәмсіл бар. Кімде-кім сол жазбадан өзіне гирбат аларлық сөз тапса, онда ол адамның өмірі босқа өтпегені. Менің әкемің де онегелі өмірі біреуге ой салар болса енебігінміз еш кетпегені.

Шежіреге сүйеніп тарқатар болсақ, біз орта жүздің Найман руынамыз. Найманның Жұртшы аталығына жатамыз. Жұртшыдан екі бала Сағындық, Қалматай туады. Халық ақыны Болман Қожабайұлының «Сағындық батыр» жырында:



«Қайтпас батыр Сағындық, Қорған болып ел баққан. Қалмақтан алып теңдікті,

Қосалды қазақ жан жақтан» деп жырлай келіп, Сағындық батыр 17 жасынан 62 жасына дейін қанды майдан жорықтарда жаумен шайқасқаны айтылады. Батырлық атақ-даңқы осы арқа жерінде шыққан. Баспа беттерінде Сағындық батырдың шайқасқан жерлері Қараөткел, Бұланты, Білеуіт, Аққұм, Сырдария, Ақтау, Орал екені атап көрсетілген. Сағындық бабамыздан Мәміл, одан Қаратоқа, одан Жанқара, одан Өтепберген, Өтепбергеннен байлығымен арқаға атағы шыққан Байқас, Байқастан Қазанған одан Басалқа. Басалқадан Саудағұл мен менің әкем Сейтен тарайды.

Басалқаұлы Сейтен 1924 жылы Торғай уезіне қарасты «Қызылжыңғыл» болысында дүниеге келген. Жер-жерде шаруалар шаруашылықтарын ұжымдастыру (коллективтендіру) кезінде ата-анасы Сыр бойына «Жантұрмыс» ауылына көшіп келіп, осы жердегі ауыл мектебіне білім алады. Неміс басқыншыларымен болған шайқастарда ержүрек батылдықпен бірге алады. Неміс басқыншыларымен болған шайқастарда ержүрек батылдықпен бірге алады. Неміс басқыншыларымен болған шайқастарда ержүрек батылдықпен бірге алады. Неміс басқыншыларымен болған шайқастарда ержүрек батылдықпен бірге алады.

1952 жылы Қызылорда облыстық өнеркәсіп саласындағы «8 март» артелине аға есепші, 1954 жылы осы артелиндегі бастышы болып тағайындалған. 1948 жылы анам Ыскаққызы Ұлбаламен отау құрып, үш балалы болған шағында 1957 жылы Мәскеудегі өнеркәсіптік кооперацияның жоғары оқу орнына түскен. 1960 жылы оны үздік бітіреді. Ауыл мектебінде оқыған баланың сол кездегі Одақтың астанасы – Мәскеуде жоғары оқу орнын үздік бітіру үшін қаншама жігер, білім керек екенін

бағамдай беріңіз. Қызыл дипломды маған елге келгеннен кейін Қызылорда қаласындағы мебель фабрикасының директоры қызметін атқарады. 1962 жылы жергілікті өнеркәсіп басқармасының есептегі жөндеу-құрылыс бөлімінің басшысы, 1971 жылы Қызылорда су құрылыс тресінің экономикалық талдау бөлімінің аға экономисі қызметіне тағайындалады. 1972 жылы трестің машина-есеп бюросының басшысы болып барады. 1975 жылы «Қызылордасовхозстрой» басқармасының экономикалық талдау лабораториясының менгерушісі, 1978 жылы «Главривсовхозстрой» бірлестігі экономикалық талдау лабораториясының басшысы болды. 1988 жылы құрметті зейнеткерлік демалысқа шығады.

Біздің отбасымызда қалыптасқан ереже бойынша анамыздан бастап әкеміздің жұмыс жасауына барлық жағдай жасау болды. Біз бала болып басқа бастықтардың шолжан балаларындай әкеміздің қызметтік көлігіне қыс боранды күндерді селтату етіп, көктемге лайсан жерде жүруді қиынсынды мектепке апарып тастау жөнінде өтініш айту ойымызға келмейт. Әкеміз сабағымызды қатты қадағалайтын. Оқу үлгерімі мен тәртібіміздің көрсеткіші күнделігімізді апта сайын тексеруді ұмытқан емес. Еркін естік, жақсы оқыдық, бірақ ере, шолжан болғанымыз жоқ. Бәрімізге жоғары білім алуға жағдай жасап бақты. Әкеміздің елге, қоғамға сіңірген қызметіне баға беру менің қызметіме жатпайтын шығар, десе де оның өмірбаянын оқып отырған көзіқарақты кісілер от кешіп ұрыс даласынан бір аяғынан айырылып келген жанның жауапкершілікті сезініп елге қызмет етудің үлгісі бола білгенін бағамдай жатар. Әкем өзінің бүкіл өмірінде небір жауапты жұмыстарды абыройлы атқарып, елге еңбегі сіңген, өзінен кейінгілерге жақсы үлгі-өнегелерін көрсете білген тәлімі мола аға бола білді. «Өмір деген осы, ешкімнің емес досы, Болса егер досы аумас еді қосы» деп Шал ақын айтқандай біздің отбасымызға алғашқы қайғы 1999 жылы сәуір айының он бірінде келді. 1949 жылы туған үлкен ағайым Сейділі бақилық болды. Баланың қайғысын көтере алмай ардақты еке 1999 жылы 18 қазанда дүниеден озды. Халқымызға келген індет кезінде Раипа бауырымыздан айырылды. Шүкірлік естерлігі Сейділіден тараған Абылай мен Дәулетті жар және артында қалған үш қыз, бір ұл және олардан тараған он үш немере, жиырма төрт шөбере, үш шөпшегі бар. «Орында бар оналатынын» іспен дәлелден әулеттің көшін алға сүйреп келеміз.

Әкеміздің дүниеге келгеніне жүз жыл, анамызға тоқсан бес жыл, ағамыз Сейділі тірі болғанда жетпіс беске, әкем Раипа жетпіске толар жылы марқұмдардың арауқтарына Құран бағыштап, ағайынның батасын алмаққа ниет етіп отырмыз.

Рая БАСАЛХАЕВА

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН



Сурет ашық дегенмен

Сорпа

Адамға аз да болса ой саларлықты осы бір мысалды тейіп ресейлік жазушы, психолог А.Кирияновдан аударма жасалды.

Ер адам ас бөлменің ортасындағы столға шынтығын тейіп жайғасып, әйелі алдына әкеліп қоя салған сорпаны ынты-шынтымен ықыластанана ішіп отыр. Бір қолындағы нанды қарбыға асап қойып, сорпаны ішуге беріле кірісіп кеткеніне қарағанда қарны қатты ашып келген сияқты. Тәбеті де тым тәуір, қайтсын енді, осы шаңырақты өгіздей өрге сүйреймін деп жүрген ер-азаматтың елуге еркін еніп кеткені ешкімнің қаперіне де кірмейт. Ал әйелі болса, бір аяқ асты алдына тартып еткізіп оқ салғаны аздай, құлағының құрт етіп жеп тұр:

– Осы сен-ақ елдің бәріне жақсыатты көрінгін келеді де жүреді, анау жуық арада қайтаруды білмейтін пәленше деген досыңа неге қарыз бересің? Оған керек ақша бізге де керек емес пе? Қызыңның оқуының

ақшасы тұр төленбей, несие ол тұр айдаң айға ентелеп. Осы айлықтан ауыстырып үйге жөнделу жүргізіміз дегеніміз есіңнен шығып кетті ме? Жанадан алуан люстраның тұрғысы анау ауыстырылмай қорабымен. Оны да әйел басыммен мен ауыстырайын ба енді?! Осы үйде еркек бар ма өзі, жоқ па?

Ал күйеуі сорпаны әлі сораптап отыр. Әйелінің әдеттегі айқайы той, оған құлағы үйреніп кеткен, бірде бие, бірде түйе. Айтады, айтады да қояды, ол да қайбір жетісіп жүр дейсің. Жамандық ойламайды ғой, осы үйге болсын дейтін шығар. Жұматтың сал ерте шығып, түскі асқа келген. Сол жақтағы асханадан да іше салуға болар еді, бірақ ол жер қымбаттау. Ал үйдің аты үй, тамағыңды ішіп болып аздап көз шырымын аласың.

Былай алғанда, отбасылық тірліктің күнделікті күйбеңі ғой, оның бәрін ине-жіпке тізе берсең не болғаны. Қалыпты аздай, қалыпты жағдай, өмір-өзеннің қалыпты ағысы.

Айқайлап тұрған әйел бір кезде ақырындап күйеуіне көз салды. Құдай-ау, осы уақытқа дейін қалай байқамаған?! Елу дегенің соншалықты ебіл-дөбілі шығатын жас емес елі ғой. Ал күйеуі болса, енесі еңкіш тартып, екі иығы бүгіле бастағандай ма қалай? Шашының ағы басымдау сияқты, сорпаны ішуге еңкейген сайын желкесінің қыртысы да көбірек көрініп, өзіне жарасымды күлкі үйіріліп тұратын жүзін де әжім торлай бастағандай. Бұл айқайлап тұр, ал ол құлды бір тілауғаш баладай үн-түн жоқ, шыдамдылық жасап бар ықыласымен сорпаны сораптап отыр. Өмірдің өзі сыйға тартқан жастық шағын қашан ұрлап кеткен. Қаны бетіне теуіп тұратын албыраған жүзін, қақпақтай жауырынын, күннің шашылған шуағындай күміс күлкісің, бір тал ағы жоқ толқыннанған шашың қашан ұрлап кеткен? Шынында отырған қарияға бергісіз ер адам бір кезде бұған қызарақтап тұрып сөз айтқан, аузынан ана сүті кете қоймаған

Осыны ойлап күйеуіне деген жақсы көру мен аяушылығы екі көзінен жас болып сорағалаған әйел үн-түңсіз артынан келіп оның мойнынан екі қолын орай құшақтағанда, көз жасы сорпаға тырс-тырс тамды. Сорпаны таусысып, қасығын столға қоя салған күйеуі де жағдайды айтқызбай түсініп, әйелінің жауырынынан қағып, алақанын бетіне басты. Бұдан кейін де өмірдің әрі қарай жалғаса беретіні түсінікті. Бірақ ең маңыздысы, ара-тұра осылай айтқызбай түсініскеннен кейін өмірдің жеңілдеп сала беретіні емес пе...

Әлімжан ҚИЯС,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Әйтеке би кенті

Қоғамның күш-жігерін біріктіру керек

Сыбайлас жемқорлық – небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқықбұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер етуі ықтимал. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқықбұзушылыққа немқұрайлық танытуы, көсібі әдептілігін жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың деңдеуіне сеітінгіні тигізуде.

Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаяны жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке

қарсы болып, атсалысып, оған қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Мемлекетіміздің кез келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір-кісідей атсалысып, күресуіміз қажет. Сондықтан әркім өзінен бастауы тиіс. Осы тұрғыда мем-

лекетке адал қызмет ету, адал жұмыс істеу деген қағиданы санадан шығармау керек. Жалпы жемқорлықпен күрес науқандық шара болып қалмауы өте маңызды. Жемқорлықпен, яғни қауіпті індетпен жұмыла күресуіміз әрі оны еліміздің барлық азаматтарының азаматтық борышы екенін түсіндірісіз қажет.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

У.ОРАЗГЕЛДІ,
Қызылорда облысының әділет департаменті басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл

Хабарландыру

«Сыр бойы» КС» ЖШС 2024 жылдың 07 қазан күні сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

- Серіктестіктің Жарғылық қорын көбейту, Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, бекіту туралы. «Аграрлық несие корпорация» АҚ-ның алдындағы несие желісін ұлғайту туралы, несие желісін кепілмен қамтамасыз ету, депозит шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сот рәсімдерін сату және әкепесі шығару құқығына келісім беру туралы.
- Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

Сонымен қатар қатысушыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сыр бойы» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 061 140 005 106)

Муралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Қанірбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2024 жылдың 14 шілдесінде қайтыс болған азамат Қарабалаев Кенжебектің атынан муралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көңербер көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апараты», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

/// БАСТАМА

ҚАБЫРҒАДАҒЫ СҰЛУЛЫҚ:

Қызылордаға таңсық кәсіп қалай келді?

Ультракүлгін сәулемен қабырғаға сурет салу Қызылорда облысында кеңінен дами қоймаған. Дегенмен, қала тұрғыны Азамат Марат таңсық кәсіпті қолға алып, жұмысты алға жылжытып келеді.



Кейіпкеріміздің негізгі мамандығы – дизайнер. Астана қаласындағы С.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінің түлегі. Бүгінде халыққа құқықтық қызмет көрсетумен айналысатын заң компаниясы бар. Ал жоғарыда айтқанымыз – қосымша кәсібі. Бизнеске бала күнінен икемі болған көрінеді.

– Мектепте жоғары сыныпта оқып жүргенімде кафе, мейрамханаларда шұғыл фотоға түсірумен айналыстым. Одан кейін жеке полиграфия аштым. Фотосалонымыз бар. Содан үйренгенім бойынша кәсіпті күні қабырға безендіру кәсібі қатар алып жүрмін. Оны мен Астанаға барғанда алғаш рет көрдім. Тұрғын үй кешендерін салғанда осы әдісті пайдаланады екен. Ойлана келе жан-жақтан сұрастырып, үйреніп,

жаңа кәсіпті Қызылордаға әкелдім. Мемлекет тарапынан 5 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант иеленіп, принтер, басқа да қажет құрал-жабдық сатып алдық. Мамандар оқыттық, – дейді Азамат Марат.

Принтермен қабырғаға сурет салудың қиындығы аз емес екен. Алдымен, лазердің көмегімен қабырғаны тексереді. Лазер тиген болса, ол тегіс емес деген сөз. Ал келіп-бұдыр қабырғаға сурет салынбайды. Арнайы ережелерін қатаң сақтама, суреттің сапасы нашар болып шығуы мүмкін.

– Принтермен салынған сурет дәлме-дәл болып шығады. Қызылордада бұл әдіс әлі дами қойған жоқ. Астана, Алматы қалаларында кеңінен жолға қойылған. Баға шаршы метріне, жұмыстың күрделілігіне қарай есептеледі. Бір шаршы метрі

үшін 5-6 мың теңге аралығында. Қарапайым жазу болса, ол арзанға түседі. Егер эскиз, портрет, сурет болса, біраз уақыт алуы мүмкін. Сәйкесінше бағасы да жоғарылай түседі, – дейді кәсіпкер.

Оның айтуынша, қызылордалықтар арасында кеңінен таныла қоймағанын облыс аумағында сұраныс төмендеуі. Мейрамхана, ойын клубтарынан тапсырыс түсіп тұрады. Шымкент, Тараз, Алматы жақтарда Қызылордадан әдейі алдырып, үй-жайларын безендіретіндер баршылық.

– Қазақстанның түкпір-түкпірінен тапсырыс қабылдап, жұмыс істеп жатырмыз. Жұмыстың қызатын шағы – жаз. Үйлер, ғимараттар салынып, құрылыс қарқын алады. Қарамағында 3-4 адам жұмыс істейді. Бір ғана қабырғаға сурет салу керек болса, екі сағат жеткілікті. Егер бүкіл қабырғаға, үйдің бүкіл қабатына салу керек болса, ол бірнеше күнге созылады. Бояуды Алматы, Астанадан алдырамыз. Қытайдан алдырғанымыздың сапасы нашар болды, – дейді кейіпкеріміз.

– Суранысқа қарай кәсіп аясын кеңейтіп, тұрғын үй кешендерінде коммерциялық ұсыныстар бойынша жұмыс істеу жоспарында бар.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

КӨШПЕЛІ ӘДЕБИ АЛАҢ ҚАЗАЛЫДА

Облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен Қазалыда балалар шығармашылығын дамытуға арналған «Жауқазын жүрек» атты I облыстық көшпелі әдеби алаңы өтті.

Шығармашылық пен рухани азық аларлық шараның жоғары деңгейде өтуіне аудандық білім бөлімінің әдіскері Жазира Оңғарова, жергілікті мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері атсалысты. Байқау «Ертегілік» ертегісінің желісі бойынша қойылыммен, «Ойын арқылы таңғы ас ұсыну», «Ертегілер әлемі» композициясымен ашылды.

Одан бөлек, «Ертегі-квест», «Ертегі ғылым әлемінде», «Креативті болжау» кезеңдерін қамтыды. Аукымды шараға «Дарын» орталығы директорының орынбасары Гүлжахан Ізбасарова және ардагер ұстаз Айжахан Ысқақ, мұғалім Амангелді Кенжебайұлы төрелік етіп, дарынды оқушыларды марапаттады. Сонымен бірге Арал ауданының ұстаздарына көшпелі алаң статустығы табыс етілді.

Байқауға атсалысқан ұстаздар «Дарын» орталығы мен Қазалы аудандық білім бөлімі басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Сағыныш МҰХИТҚЫЗЫ,
№ 266 мектеп-лицей мұғалімі.
Қазалы ауданы



Әр оныншы жеткіншек

Әлемдегі әр оныншы жеткіншек әлеуметтік желі мен компьютер ойындарына тәуелді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері осылай дейді. Олардың жүргізген зерттеуіне АҚШ, Канада, Еуропа мен Орталық Азиядан 280 мың жасөспірім қатысқан.

Солардың ішінде қыздар әлеуметтік желіде көп отыратындарын мойындаған. Ал ұл балалар компьютерлік ойындардан бас тарта алмайтындарын айтқан. Соның кесірінен көбінде оқу үлгерімі мен ұйқысы нашарлап кеткен.

Туризмді дамытудың амалдары

Туризм қарқынды дамып келе жатқан елдің бірі – Қытай. Елдің туристік аймақтарын көруге дүниежүзінен саяхатшылар ағыла бастады.

Ал ішкі туризм бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Әсіресе жазғы демалыс уақытында демалушылар саны миллиондап емес, миллиардтап артқан. Қазір Қытай билігі пандемия кезінде тұралап қалған туризмді дамыту үшін түрлі амалдарға барып жатыр. Туристердің артуына ең бірінші визасыз режим тікелей әсер еткен.

Жаңа саясат саяхатшыларға ыңғайлы. Шетелдіктердің Қытайға келуін әлдеқайда жеңілдетіп отыр. Бүгінде ел аумағында 144 сағаттық транзит кезінде виза рәсімдеу міндетті емес.

Ақпарат көздерінен

/// ДЕНСАУЛЫҚ

БІРІНШІ ДЕГЕН АТЫНА САЙ

Денсаулық сақтау саласында бастапқы медициналық көмектің маңызы зор. Бұл қызметті емханалар атқарады. №1 қалалық емхана – облыс орталығындағы ірі медициналық мекеменің бірі. Оның тарихы әріден басталады. Қазақстан Республикасының астанасы Орынбордан Қызылордаға (1925 ж) көшіп келуіне байланысты 1926 жылы 125 төсектік республикалық аурухана салынды. Оның құрамында бірнеше дәрігер мамандары бар медициналық көмек көрсететін емхана да болды. Ол елімізде емханалық көмек көрсетудің бастауы еді.



Қаладағы ең байырғы емдеу орны ретінде өзіндік тарихы бар, 1938 жылы ауруханадан бөлінген емхана 1948 жылға дейін жеке емдеу мекемесі ретінде халыққа қызмет етті. 1950 жылы бірнеше рет қалалық ауруханамен біріктіріліп, арасында жеке мекеме ретінде халыққа қызмет көрсетті. Оның құрамында терапиялық бөлім, стоматология, рентген-флюорографиялық, хирургиялық, көз, лор, физиотерапиялық және жасөспірімдер кабинеттері болды. Мекемеде 30-ға жуық дәрігер, 80-нен аса орта буын медицина қызметкері еңбек етті. Емхана сол уақыттағы ірі медициналық мекемелердің қатарына жатты. 1967 жылдың 6 қарашасында облыстық аурухананың жаңа ғимаратқа көшуіне байланысты, оның орнында 200 төсектік қалалық біріккен аурухана ашылды, тұрғындарға арнайы көпсалалы медициналық көмек көрсете бастады. Содан кейін емхана мамандандырылған дәрігерлік көмек көрсететін облыстағы негізгі емдеу-профилактикалық мекеме ретінде өз қызметін әрі қарай дамытты. 1985 жылы 85 мыңнан астам тұрғын медициналық көмек алды. Онда 82 дәрігер, 200-дей орта буын медицина қызметкері жұмыс істеді. 1988 жылдан емхана жұмысына жаңадан акушерлік-педиатр-терапевт комплексімен жұмыс істеу енгізілді. Соған сәйкес оның құрамында балалар және гинекологиялық бөлімшелер ашылды. 1999 жылы медицинадағы қайта ұйымдастыру процестеріне байланысты осы мекеме негізінде 3 отбасылық дәрігерлік амбулатория және кеңес беру-диагностикалық емхана жұмыс істеді. 2001 жылдан бастап №1 қалалық емхана статусы қайта берілді.

Бүгінде 19 жалпы тәжірибелі дәрігерлік аймақта 32 мыңға жуық тұрғын бар. Оларға 68 дәрігер, 227 орта буын медицина қызметкері көмек көрсетеді. Бұл емхана өзге медициналық ұйымдарға қарағанда білікті де тәжірибелі мамандарымен ерекше.

– Біздің емхананың ғимараты сонау 1972 жылы салынған, типтік емес, бұрынғы жатақхана. Емханаға қарасты тұрғындар да бұрыннан келе жатыр. Сондықтан тіркелушілеріміздің

басым көбі – егде жастағы кісілер. Одан бөлек қазір жаңадан бой көтерген сол жағалау тұрғындарына медициналық көмек көрсетеміз. Онда қоныстанушылар жыл сайын көбейіп жатыр, туу көрсеткіші де жоғары. Осы орайда мамандармен қамтылуға аса көңіл бөлуіміз. Жалпы тәжірибелі аймақтарда 5 дәрігер ғана жұмыс істейтін, бүгінде 15-ке жеткіздік. Қырық жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан майталман дәрігерлеріміз бар. Атап айтқанда, 40 жыл бойы осы емханада табан аудармай еңбек еткен хирург, Денсаулық сақтау ісінің үздігі Курбан Мададовты зейнетке шықса да жібермей отырмыз. Білікті травматолог дәрігер Махмұт Байқадамов, балалар неврологы Вадим Хван, акушер-гинеколог Мая Айымбетова, бас дәрігердің орынбасары Гүлнәр Сұлтангереева, рентгенолог дәрігер Жұлдызай Бекбанова, басқа да тәжірибелі мамандарымыз – емхана мақтаншысы. Олар әрдайым жастарға бағыт-бағдар беріп, бай тәжірибелерін бөлісіп отырады. Бныдың өзінде 3 дәрігер жұмысқа қабылданды, – дейді емхананың бас дәрігері Венера Садманова.

Емхананың медициналық құрал-жабдықтармен жаракталуы 94,1 %.

– Биыл облыс әкімінің қолдауымен 7 санитарлық автокөлік

ғындар үшін қолайлы, анализ тапсыруға сыртқа барып жүрмейді. Рентген, флюоро, УДЗ аппараты ескірген, соларды жаңалауға жұмыс істеп жатырмыз, компьютерлік техникаларды да жаңарту көзделуде, – деп атап өтті бас дәрігер.

30 төсектік күндізгі стационарда науқастар жыл бойы ем



алады. Одан бөлек, оңалту, профилактикалық бөлімдері бар. Емханада мектеп медицинасы жақсы дамыған. Бұл жерден 8 мектеп пен колледж оқушылары профилактикалық тексерулен өтеді.

Емхананың бүгінгі басты проблемасы – көнерген ғимарат. Салынғанына елу жылдан асқан, әбден тозығы жеткен.

Лл оған дейін ескі ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр.

Әрісін айтпағанда, тәуелсіздік жылдарындағы емхананың жетістіктері жетерлік. Мәселен, 2012 жылы №1 қалалық емхана Қызылорда облысы бойынша «Кезексіз емхана» мәртебесіне ие болды. Кейін «Ен



үздік БМСК ұйымы» марапатын алды. Республика бойынша БМСК деңгейінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен патронаждық мейіпке қызметі енгізіліп, жүкті әйелдерге, нәрестелерге және 5 жасқа дейінгі балаларға патронаждық-мейіпкерлік қызмет көрсетудің (үйлеріне барудың) жетілдірілген әмбебап моделін жүзеге асыру бойынша пилоттық жобаға қатысып, сәтті енгізілді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерін ашудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес, қалалық жедел жәрдем станциясының VI дәрежелі шақыруларға қызмет көрсету бригадасының штаты берілді. Қазіргі таңда жедел медициналық көмек бөлімі ауысыммен, тәулігіне 24 сағат бойы халыққа қызмет көрсетуде.

– Ғимараттың типтік болмауы көп шаруаға қолбайлау болып отырғаны жасырын емес. Соған қарамастан №1 емхана деген атымызға лайықты болып қалуға бар күшімізді салып келеміз. Қаншама жылдық тарихы бар, құлаққа әбден сіңісті болып қалған емхана қызметі де мінсіз болуы керек. Қазір мамандар да жағдайы жасалған мекемеге қарай кеткісі келіп тұрады. Біздің жағдайымызда мамандарды ұстап қалуын өзі қиын. Оның бер жағында тұрғындарға да сапалы әрі уақытты қызмет көрсету – басты шарт. Осы орайда тынбай еңбектенуге тура келеді. Жаңа ғимарат салына жүзеге асырымыз келетін қаншама жоспарымыз бар, – дейді Венера Садманова.

Тұрғындар саулығын сақтауға қызмет етіп жүрген емхана ұжымына біз де сәттілік тіледік.

Айгүл БАТТАЛОВА,

«Сыр бойы»

Суреттерді түсірген

Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



берілді. Зертханалық бөлімді, физикабинеттердегі құрал-жабдықтарды түгел жаңалалық. Бұрын түрлі қан талдауларын жасау үшін басқа емханаларға жіберуші едік, қазір өзмізде бар. Бұл бізге экономикалық жағынан тиімді, екіншіден, тұр-



www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақыл қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.